

## Шал ақын ауданы Юбилейный ауылдық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округі әкімінің 2010 жылғы 8 қазандағы N 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қазанда N 13-14-110 тіркелді.

**Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық", "селосы" тиісінше "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округі әкімінің 03.02.2021 № 2 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 35-бабы 2 -тармағына, 37-бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Юбилейный ауылдық округі азаматтарының қоғамдық кеңесінің шешімін есепке ала отырып, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Шал ақын ауданы Юбилейный ауылдық округінің елді мекендерінің құрамдас бөліктеріне қосымшаға сәйкес атау берілсін.

1) Крещенка ауылы бойынша:

Бірінші көшеге – Новая,

Екінші көшеге – Степная,

Үшінші көшеге – Школьная,

Төртінші көшеге – Береговая,

тұйық көшелерге солтүстіктен оңтүстікке қарай келесі атаулар берілсін:

Бірінші тұйық көше – Александр Гельман атындағы,

Екінші тұйық көше – Антон Энгель атындағы,

Үшінші тұйық көше – Василий Горбенко атындағы,

Төртінші тұйық көше – Қыдыр Ескендіров атындағы,

Бесінші тұйық көше – Ардагерлер.

2) Белоградовка селосы бойынша:

бірінші көшеге – Школьная;

екінші көшеге – Западная.

3) Куприяновка селосы бойынша:

бірінші көшеге – Степная

екінші көшеге – Новая;

ұшінші көшеге – Солнечная.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Юбилейный селолық округі әкімінің 2012.06.22 N 2 шешімі (ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде іске енгізілсін)

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн яқтағаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*A. Габдулин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК